

## Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 10 шілде N 283

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. "Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы" 1994 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына Z942000\_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж, N 8, 131-құжат):

12-баптағы "санитарлық ережелер мен мөлшерлі қалыптарды, гигиеналық нормативтерді бұзғаны үшін салынатын айыппұл сомасының кемінде 20 процент мөлшеріндегі қосымша қаржысынан, Қазақстан Республикасының заң құжаттарына қайши келмейтін басқа да көздерден" деген сөздер алып тасталсын;

31-бап "Сараптау жүргізу үшін" деген сөздердің алдынан "Сараптау" деген сөздің бастапқы әрпі кішірейтіліп, "Осы Заңның 29-30-баптарында көзделген" деген сөздермен толықтырылсын;

51-баптың бірінші бөлігінің бірінші азатжолы "Кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдар" деген сөздерден кейін "өз қаражатының есебінен:" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1994 жылғы 27 желтоқсанда қабылдаған Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне K941000\_ (жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., N 23-24 (қосымша); 1995 ж., N 15-16, 109-құжат; N 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 2, 187-құжат; N 14, 274-құжат; N 19, 370-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 5, 55-құжат; N 12, 183, 184-құжаттар; N 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 жылғы 11 сәуірде "Егемен Қазақстан" және "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім) және "Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексін (жалпы бөлім) күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 2 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы; 1998 жылғы 30 сәуірде "Егемен Қазақстан" "Казахстанская правда" газеттерінде жарияланған "Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 1998 жылғы 22 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы):

10-бапта:

3-тармақ мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

"6-1) атқарушы бақылау және қадағалау органдарына кәсіпкерлік субъектілермен осы органдардың функциялары болып табылатын міндеттерді орындау мәнінде

шарттық қатынастарға кіруге тыйым салу арқылы;".

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Лицензиялау туралы" 1995 жылғы 17 сәуірдегі N 2200 Зан күші бар Жарлығына Z952200\_ (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 3-4, 37-құжат; N 12, 88-құжат; N 14, 93-құжат; N 15-16, 109-құжат; N 24, 162-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 8-9, 236-құжат; 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 7, 80-құжат; N 11, 144, 149-құжаттар; N 12, 184-құжат; N 13-14, 195, 205-құжаттар; N 22 333-құжат):

3-баптың 2-тармағының екінші бөлігіндегі "жеке кәсіпкерлерге" деген сөз "шағын кәсіпкерлік субъектілеріне" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-бапта:

2-тармақтың 1) тармақшасы "мерзіміне шек қойылмай;" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ алынып тасталсын;

5-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Мемлекеттік органдарға (лицензиарларға) лицензиялау жөніндегі өкілеттіктерін тиісті аумақтық бөлімшелерге беруге рұқсат етіледі. Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруды мемлекеттік емес ұйымдарға, соның ішінде қоғамдық бірлестіктерге бергені үшін

мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары зандарда белгіленгендей жауапты болады.";

9-баптың 1-тармағында:

3) және 9) тармақшалар алып тасталсын;

20) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"20) жолаушыларды және жүктөрді темір жол, өзен, теңіз, әуе көлігімен тасымалдау; жолаушыларды және жүктөрді автомобиль көлігімен халықаралық тасымалдау; қауіпті жүктөрді барлық көлік түрлерімен тасымалдау; авиациялық жұмыстар;";

21) тармақша алып тасталсын;

31) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"31) өлшем құралдарын тексеру";

39), 40) және 41) тармақшалар алып тасталсын;

10-бапта:

9) тармақша алып тасталсын;

17-бап "бір ай мерзімнен" деген сөздерден кейін "ал шағын кәсіпкерлік субъектілері

үшін - он күн мерзімнен кешіктірмей" деген сөздермен толықтырылсын;

18-бап мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

"Кесіпкерлік қызметтің тиісті турімен айналысатын бүкіл кезеңге лицензия беру лицензия берген кезде лицензиялық алымды бір жолғы төлеумен қоса жүзеге асырылады.";

24-баптың 2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Лицензиялық тәртіп белгіленген қызметті лицензиясыз жүзеге асырудан алынған табыс мынадай жағдайларды қоспағанда, тиісті бюджетке алынуға тиіс:

1) қызмет осы жарлықтың 17-бабында көзделген мерзімдер өтіп кеткен соң жүзеге асырылғанда;

2) тиісті лицензиясыз лотерея өткізуден алынған табыстар Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен алынуға және "Жаңа астана" респубикалық бюджеттен тыс қорына есептелуге тиіс.".

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мал дәрігерлігі туралы" 1995 жылғы 25 шілдедегі N 2376 U952376\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 14, 94-құжат):

28-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мемлекеттік мал дәрігерлігі қызметі респубикалық және жергілікті бюджеттердің қаражаты есебінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заң актілеріне қайшы келмейтін басқа да көздерден қаржыландырылады.".

5. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы" 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2707 U952707\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 7, 79-құжат; N 12, 184-құжат):

10-баптың 1-тармағының 22) тармақшасындағы "меншік иелерімен шарт жасасу негізінде оларға тиесілі мүлікті күзетуді жүзеге асыруға" деген сөздер алып тасталсын;

11-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 39-тармақшамен толықтырылсын:

"39) меншік иелерімен шарт жасасу негізінде оларға тиесілі мүлікті күзетуді жүзеге асыруға құқығы бар.";

6. Қазақстан Республикасы Президентінің "Жер туралы" 1995 жылғы 22 желтоқсандағы N 2717 U952717\_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 159-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 189-құжат; N 13-14, 209-құжат):

8-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1)-тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) шағын кесіпкерлік субъектілері және үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің кооперативтері";

7. "Банкроттық туралы" 1997 жылғы 21 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына Z970067\_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 7-

кужат; N 13-14, 205-құжат):

9-баптың 3-тармағы алып тасталсын.

8. "Шағын кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау туралы" 1997 жылғы 19 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына Z970131\_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 12, 182-құжат):

16-бап мынадай мазмұндағы 3-тармақпен толықтырылсын:

"3. Адам саны 10-нан аспайтын шағын кәсіпкерлік субъектілері, салық органдарын қоспағанда, сондай-ақ қылмыстық істер қозғалғаннан басқа жағдайларда, мемлекеттік бақылаушы органдар тарарапынан ең жиі дегенде үш жылда бір рет тексерілуі мүмкін.".

9. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне K970167\_ (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., N 15-16, 211-құжат):

310-бапта:

"Лауазымды" деген сөздің алдынан "1." цифрымен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-тармақпен толықтырылсын:

"2. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының лицензия беру

жөніндегі өкілеттіктерді мемлекеттік емес ұйымдарға, соның ішінде қоғамдық бірлестіктерге беруге әкеп соқтырған әрекеттер жасауы -

жүзден екі жұз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салумен, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға жазаланады.".

Қазақстан Республикасының

Президенті

Мамандар:

Багарова Ж.

Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК